

Еңбек етсең ерінбей...




2-бет

Ұлыс оң болсын!



4-бет



Аудан Тынысы

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№ 27 (536) СЕЙСЕНБІ, 31 наурыз 2015 жыл

САЙЛАУ - 2015

САЙЛАУ ШТАБЫ ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Қазақстан Президентігіне кандидат Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Республикалық қоғамдық штабы мүшелері аймақтар бойынша насихат жүргізу үшін жолға шықты. Осы орайда насихат тобының ең алдымен Қарағанды облысына ат басын бұруы бекер емес. Себебі Ұлт Көшбасшысының еңбек жолы дәл осы жерден бастау алған болатын.

Делегация құрамында – Республикалық қоғамдық штаб жетекшісі Мұхтар Құл-Мұхаммед, Қазақстан Партиялары партиясының төрағасы Ғани Қасымов, «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев, «Бірлік» партиясының төрағасы Серік Сұлтанғали, «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасы Абылай Мырзахметов, ҚХА Төрағасының орынбасары Анатолий Башмаков, қоғам қайраткері Оралбай Әбдікәрім, мәжіліс депутаттары Майра Айсина, Асқар Базарбаев, Мұхтар Тінікеев және Серікжан Қанаев, сенат депутаты Мұхтар Алтынбаев, Қазақ тағамтану академиясының президенті Төрегелді Шарманов, олимпиада чемпионы Серік Сәпиев және басқа да танымал қазақстандықтар бар...

Халық мемлекетімізді мықты көшбасшы басқарғанын қалайды. Сол себепті Орталық Қазақстанның тұрғындары бірауыздан 2015 жылы 26 сәуірде республикамыздың гүлденуі үшін, яғни, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев үшін дауыс беретіндерін мәлім етті.

Т.Сыздықов өз жұмысы шеңберінде Көкшетау қаласында кездесу өткізді.

Алғашқы іс-шара «Көкше» Академиясында» өтіп, студенттер қауымымен кездесті.

Кездесуде ҚХХП Ақмола облыстық комитетінің бірінші хатшысы Б.Мәжитов модератор болды.

Т.Сыздықов өз сөзінде батыстық мәдениеттің көлеңкелі ықпалы туралы мәселе көтерді.

«Голливудтік фильмдер мен батыстық компьютерлік ойындарда зорлық-зомбылыққа толы.

Батыстық мода күнделікті киіп жүрген киімдердің еліктер үлгісі болудан қалды...

Дұрыс тамақтанбау және салауатты өмір салтын ұстанбаудың кесірінен семіздікке, ақыл-естің ауытқуы сынды түрлі дерттерге шалдыққан елдер рейтингінде Батыс мемлекеттері алда келеді», - деп атап өтті Т.Сыздықов.

Сондай-ақ Т.Сыздықов «Көкшетау минералды сулары» ЖШС жұмысшыларымен кездесті.

Іс-шараны ҚХХП Ақмола облыстық комитетінің бірінші хатшысы Б.Д. Мәжитов ашты...

Голливудтік стандарттардың бәрі тек табыс табуға негізделген.

Соның салдарынан Батыста адамдар бір-бірімен араласудан қалды», - деді Т.Сыздықов.

2015 жылғы 27 наурызда, Ә.Құсайынов Алматыда бірқатар кәсіпорын жұмысшыларымен кездесу өткізді.

Алғашқы кездесу «ОБИС» Компания» ЖШС-сында өтті.

Ә.Құсайынов экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселесін көтерді.

«Бүгінде ғаламшарды айналған озон қабатының бұзылуы, Әлем мұхиттарындағы судың ласлануы, жердің ласлануы, топырақтың құнарсыздануы, биологиялық тіршіліктің азаюы және т.б. мәселелер өзекті болып табылады.

Қазіргі уақытта экология биологияның шеңберінен шығып, адамзаттың қоршаған ортамен қарым-қатынасын зерттейтін пәнаралық ғылымға айналды.

Экология «адам – табиғат» проблемасын зерттеуде күрделі әрі ұзақ жолдан өтті. Адамға сана берілді, сол арқылы ол табиғатта алатын орнын айқындап, Жер жүзінде өз жаратылысының мәнін түсінуге мүмкіндік алды.

Қазірде экологияны «адамзаттың жеке үйі» – биосфера туралы, оның ерекшеліктері, адаммен қарым-қатынасы және байланысы, ал адамның жалпы қоғаммен байланысы туралы ғылым деп те атап жүр...

...Жүз жылдан астам тарихы бар ғылымның осыншалықты өзгеріске ұшырауына қарап, заманауи экология серпінді дамушы ғылым деген қорытынды жасауға болады», - деді Ә.Құсайынов. Жалпы алғанда, Ә.Құсайынов пен жұмысшылар арасындағы кездесу мазмұнды әрі қызықты өтті.

Баспасөз ақпарат орталығы

ЕЛБАСЫМЕН БІРГЕМІЗ

Наурыз айының 26 жұлдызы күні, Бородулиха ауданының мәдениет үйінде кезектен тыс Президенттік сайлауға байланысты, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты Қазақстан Республикасының Президентіне кандидат ретінде «Нұр отан» партиясы атынан ұсынылған қолдау митингісі болып өтті. Осы митингте ауданымыздың қоғамдық ұйымдарының өкілдері мен аудан тұрғындары жалынды жастар жиналды.

Қазақстан Республикасының Президентігіне үміткер Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сайлауда жеңіске жетуіне барлығы атсалысуға, дауыс беруге барлық жиналған қауым «Алға Қазақстан», «Мәңгілік Ел», «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол», «Бір ел, бір халық, Бір тағдыр» атты ұрандарын айтып, оны қолдайтындықтарын білдірді. Митингте аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы О.Байжанов сөз сөйлеп: Тәуелсіздік жылдары көп ғасырлар аттан түспей, күреспен өткен ұлы бабалардың аңсаған арманына өз халқын Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жеткізіп, қазақ елін әлемдегі іргелі мемлекеттердің қатарына қосып, шекарамызды шегендеп бергенін айтты. Қазіргі таңда біздің мемлекетіміз өзге ел-



дермен терезесі тең өркениетті мемлекетке айналып отыр. «Бірлік түбі береке» демекші, бірліктің бастауы білімі мен біліктілігі қатар асқан Елбасымыздың халқымызға тартқан сыйы – бейбітшілік, ынтымақ, татулық. Бұдан кейін де еліміз, Елбасы – Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген басшылығымен көркейіп, гүлдене беретініне сенім мол. Елбасымыз зейнеткерлерге, жастарға, біздің жарқын болашағымыз үшін, өлімге жандарын тіккен ҰОС ардагерлеріне, жалпы бүкіл халыққа көп көңіл бөліп, жағдай жасап келеді. 26 сәуірде барлықтарыңызды бірауыздан дауыс беруге шақырамын деді. Одан кейін сөз алған сайлау штабының мүшесі Р.Құрманбаев: Егемен еліміздің тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың ішкі саладағы сарабдал саясатының жемісін атай отырып, ел ішінде ең алдымен бірлікті қалыптастырып, тұрақтылықтың тұғырын нықтай білген Елбасымыз одан кейінгі жерде өзінің сыртқы мәселелерде де

сұңғыла саясаткер екендігін танытты. Барша қазақстандықтарды бір ту астында топтастырған Н.Назарбаевтың кандидатурасын қолдауға, келешекте босағамыз берік, шаңырағымыз биік, туымыз тұғырлы болуы үшін, барлықтарыңызды шақырамын деді. Әрі қарай сөз кезегін алған аудандық мәслихат депутаты В.Ежова: Экономикалық қуатты елге айналуға бірден-бір қажетті фактор, ел тыныштығы, ел бірлігі емес пе? Біз Елбасы ұстанып отырған саясатын қолдаймыз. Елбасының ұстанып отырған жобалары мен жоспарларын қолдап, сол бойынша жұмыстар жүргізуге бар күш-жігерімізді саламыз. Көк байрақ туымыз көкте желбіреп, қазақ елінде қазақ жерінде тыныштық орнасын деп, жиналғандарды алдағы өтетін сайлауда толықтай Елбасын қолдап, сайлауға қатысып, дауыс беруге шақырды.

Митинг соңы мәдениет үйі әртістерінің концертімен аяқталды. **М.АТАЕВА**

ЕҢБЕК ЕТСЕҢ ЕРІНБЕЙ...



күні біз «Қазақстанда жасалған!» деген белгі соғылған небір өнімдерімізді өзге елге мақтаншыпен көрсете алатын дәрежеге жеттік. Тәуелсіздігіміздің ең басты құндылығы да – осы.

Ауданымызда қайтадан жанданып, өз ісін алға бастаған пима зауыты Н.Костенко 2011 жылы қолға алып 5 жұмыс орнын ашып жұмысты қайтадан бастағанда өзінің іскерлігіне сенім артқаны анық. Солай кәсіпорын өзінің жұмысын бастап-ақ кетті. Бұл кәсіпорынның жұмысы жүріп, баяғы дәурені қайта оралады дегенге кешеге дейін ешкім сенбеген көрінеді. Бірақ адамның емес, Алланың айтқаны болады емес пе? Іскер адамдар кез келген қиындықтан шығатын жол табатынын білеміз. Іскер адам, жеке кәсіпкер Н.Костенко кеңес дәуірінен қалған зауыттың құрал жабдығын жиып теріп өзінің үйінің артынан салынған ғимаратқа орналастырады. Н.Костенкодан осы жылына қанша тонна жүн және сол жүннен қандай өнім жасайсыз, қай жерлерден шикі өнім аласыз? - деген кезде – Біз осы өзіміздің ұйымымызбен жылына 12-15 тонна жүнді әр аймақтан аламыз соны іріктеп іске жарайтынын алып қалғанын өртеп жібереміз, сол іріктелген шикі затты пісіріп өңдеп, жуып жылына 2-3 мың дана пима шығарамыз деп жауап қайтарды. Әрине әр шаруаның осы шығарған өніміңізді өздеріңізге пай-

далы бағамен сатасызба? - деген кезде - әр жылы әр қалай, кей жылы жақсы бағамен сатамыз, бірақ осы пимамыз арзан бағамен әрі қарызбен кетеді ақшасын жинап та үлгереміз әрине және осы мекеме өзіміздің күшімізбен несие алмай өз жұмысымызды ары қарай жалғастырып келеміз деп сөзін аяқтады. Бір айтатыны пима шағаратын кәсіпорынның жұмысшыларына сатылған, шығарылған өнімнің көлеміне қарай еңбек ақы төленеді екен.



Осы өзіміздің отандық өнімімізді пайдаланып іске жаратып қолданып өзіміздің жеке кәсіпкерлеріміздің өнімдерімен мақтанатындай дәрежеге жетсек ол әр кәсіпкердің еңбегі жанғанын білеміз, өзіміздің кәсіпкерлерімізді қолдағанымыз деп табылады. Өзіміздің Қазақстанда жасалған өнімдерімізді қолданайық, ағайын!!!! **Т. ҚАЛИБАЕВ**

Билік және халық

ЖИЫРМА ЖАСТАҒЫ ДИРЕКТОР



Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесі қарсаңында қарапайым адамдардың қажырлы еңбегін көрсетіп, бүгінгі ұрпаққа таныстыру – біздің перзенттік борышымыз. Сондықтан, бүгінгі әңгімеміз соғыстың аса ауыр кезінде жеңісті жақындатуға үлес қосқан Жарсуат орталау мектебінің сол кездегі 20 жастағы директор қызы Ағила апай туралы болмақ.

Кененова Ағила 1921 жылы Батыс Қазақстан облысы Тайпақ ауданының орталығы Калмыковта дүниеге келген. Жастайынан пысық, зейінді Ағила сол жерде жеті сыныптық білім алып, "оқуға алмайтындықтан" амалсыз жасын өсіріп, 1918 жылы туған деп төлқұжат алған. 1935 жылы 14 жасында Орал қаласындағы педагогикалық курсқа оқуға барады. Ағила оқылмаған 8-10 сыныптардың бағдарламасын бөлмеден шықпай отырып, күні-түні ай жарымда дайындалып, оқуға түседі.

Сөйтіп, 1937-1938 оқу жылында педагогикалық курсты "өте жақсы" бағалармен аяқтап, туған жері Калмыковқа мұғалім болып орнала-сады. Ағасы Төлеу Кененовтің Бөдене мектебіне директор болып тағайындалуына байланысты жаңуа жағдайымен Ағила апай да бірге көшіп келіп, алғаш ұстаздық жұмысын бастайды.

Жас Ағиланың жұмысқа алғырлығын байқаған аудандық бөлім Қызылжар орта мектебіне жібереді. Шағын ауылдағы кішкене мектептің педагогикалық ұжымымен тез-ақ тіл табысып, үйренісіп кетті. Сондықтан, аудандық оқу-ағарту бөлімі меңгерушісінің бұйрығымен 1942-1943 оқу жылында Ағила Кененова Жарсуат орталау мектебіне 20 жасында директор болып тағайындалды.

Соғыстың кезі, жағдай өте ауыр. Қызылжардан жаяу келіп, жұмыс жасау қиынға соқты. Сосын Есбол аудандық ағарту бөлімі меңгерушісінің бұйрығымен аудандағы Қырғи мектебінен Жарсуат орталау мектебіне мініске жылқы малын алып береді.

Мектепте үш-төрт адам жұмыс істейтін, ішінде мұғалімдер Бибіш Төлепқалиева, Қоңырша Намазғалиева және Мәріш Есқалиева бар. Сол кездегі көрген қиыншылықтары туралы жас директор өз естелігінде: "Жұмысқа қыста, қараңғыда Қызылжардан шығып (шамамен таңғы 3-4-тің шамасы, 10 шақырымға жуық) жолда өзімнің күшім жететін томар-жыңғылды сүйретіп, балалар келгенше от жағып, мектепті жылытып қоятын едім. Себебі, балалар тоя тамақ ішпейді, аяғы жұқа, киімі жыртық, оларды тоңады деп қатты аяйтынмын. Бірде "Қандығара сайында" (Қызылжар ауылына таяу, қалың жыңғылды сай) паякке сұрап алып келе жатқан жарты қап ұнымды жол торыған қарақшылар жасырынып келіп тартып алды, мен өзімнің аман қалғанымға қуандым. Мектептің барлық жауапкершілігі менің мойнымда, таңның атысынан күннің батысына дейін мектептің шаруасы әрі математика пәнінен сабақ беремін. Соған қарамастан, оқушылардың білімді меңгеруіне қатаң талап қойдым, осы еңбегімді ескеріп, соғыс кезінде Алматы қаласында өткен кеңеске делегат етіп сайлады" - дейді.

Ағила Кененова өте бауырмал, аузын ашса, жүрегі көрінетін адал, ақкөңіл жан еді. Ата-анасы да жайсаң, жомарт жандар болған. Үйлеріндегі астық, шай-секер секілді тамақтарды ауылдағы мұқтаж адамдарға беріп жіберетін.

Бұл деректерді Жарсуат ауылының Ленин орденді жылқышысы Қылыш Кемалиев те дәлелдей түседі. "Біз бауырмал апайды жақсы көретінбіз. Үстіне қынама бел пальто, басында бір жағына қисайтып киген кепкасы бар. Өзіне құйып қойғандай, жарасымды. Сондай әдемі, бізге үнемі ой үстінде жүретін адам болып көрінетін" дейді ол.

Ағила Кененова 1943 жылы ауылдың азаматы Нұрымғали Батабиевпен жаңуа құрып, жолдасының есеп қызметкері болуына байланысты жұмыс бабымен ауданның барлық ауылдарына қоныс аударды. Екеуі елге сыйлы, тату-тәтті шаңырақтың аясында ұзақ ғұмыр кешті. Өмірге төрт ұл, екі қыз әкеліп, оларды қатарынан кем қылмай тәрбиелеп, жиырмаға жуық немере мен жиендердің қызығын көріп, аяулы ұстаз 1994 жылы өмірден озды.

Бірақ, Ағила апайдың өнегелі өмір жолдары мен ғибрат аларлық тәрбиелік сөздері әлі де шәкірттерінің жүрегінде. Бөдене ауылында тұратын еңбек ардагері, ұстаз Бағыт Еңсепов Ағила туралы: "Апай өте парасатты, білімді, әдемі ұстаз бола білді. Ол адамдардың бәрімен жылы амандасып, жағдайын сұрап, қолынан келген көмегін аямай-тын" - десе, жарсуаттық ардагер Борис Жанғалиев: "Маған тамаша ұстаздар: Ағила Кененова, Ығылман Мусин, Нысанғали Құрақов сабақ берді. Аяулы ұстаздарымды ешуақытта ұмытуға болмайды" деп балалық балғын шағын үнемі еске алатын.

Шәкірттерінің құрметіне бөленіп, ұлағатты ұстаз бола білген Ағила Кененова адамдармен жақсы араласты, тату дос таба білді, өзіндегі барын өзгеден аямады. Оның биік, жоғары адами қасиеті туралы ауылдағы еңбек ардагері, марқұм Қансұлу апай да: "Ол - әділ адам, адамдарды жамандап, сыртынан өсек айтпайтын. Ондай адам табылмас, барлығымыз да Ағиланы ерекше сыйлаушы едік", - дейді.

Ал, өзі де аяулы анасы салған соқпақпен ұстаздық мамандығының қыр-сырын игерген қызы, бастауыш сынып мұғалімі Жансая Нұрымғалиева да: "Анам ақылы мен көркі сай жан еді. "Ұстамды, сабырлы, төзімді қасиеттерің болса, Алланың өзі жолыңды оңдайды" дейтін. Өмір бойы оқы, білімдіңді көтер, педагогикалық шеберлігіңді дамыт, сонда ғана нағыз мұғалім боласың" деген аналық ақылы үнемі жадымда жаңғырып тұратын" дейді.

Сөйтіп, "Ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен" сұрапыл соғыс жылдарында 20 жастағы директор ауылдағы ер-азаматтардың орнын жоқтатпай, Жарсуат орталау мектебін осылай басқарған еді.

Б.АТАЛЫҚ, ҚР Білім беру ісінің үздігі

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯСЫ



2015 жылдың 20 наурызында Бородулиха аудандық мәслихатында аудандық мәслихат депутаты, тұрақты комиссия төрағасы К.С. Әпеновтің төрағалық етуімен өнеркәсіп, құрылыс, көлік, байланыс, кәсіпкерлік, заңдылық және құқықтық мәселелері бойынша тұрақты комиссиясының отырысы болып өтті.

Отырыс жұмысына Бородулиха аудандық мәслихатының хатшысы Уәлихан Төкенұлы Майжанов, тұрақты комиссияның төрағасы, депутат Кималидин Сағалбайұлы Әпенов, Юрий Геннадьевич Ковязин, Талғат Айтқазыұлы Оразиев, Динара Әжіғұмарқызы Сәлімова - аудандық мәслихаттың депу-

таттары, тұрақты комиссия мүшелері, Юрий Иурикович Хасанов - Бородулиха ауданының жұмыспен қамту орталығының директоры, Манарбек Қалидоллаұлы - Бородулиха АШБ ӘП бөлімшесінің бастығы қатысты.

Тұрақты комиссияның отырысында «Жұмыспен қамту жол картасы - 2020» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысы туралы, «Бородулиха ауданындағы жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар туралы» мәселелер қаралды.

Бородулиха ауданында «Жұмыспен қамту жол картасы - 2020» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысы туралы сөз Бородулиха ауданының жұмыспен қамту бөлімінің директоры Ю.И. Хасановқа берілді. «Жұмыспен қамту жол картасы - 2020» бағдарламасында қойылған тапсырмалар мен мақсаттарды сапалы орындауға басты назар аудару қажеттігін атап өтті.

«Бородулиха ауданындағы жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар туралы» Манарбек Қалидоллаұлы - Бородулиха АШБ ПӘ бөлімшесінің бастығы баяндады.

Айтылған мәселені талқылау барысында аудандық мәслихат депутаттары елді мекендерінің тұрғындары арасында жиі орын алатын мәселені, жол белгілеріне қатысты мәселелерді қозғады. Тұрақты комиссияның мүшелері өз ұсыныстарын берді. Комиссия отырысында бұрын қабылданған қаулыларды бақылаудан алу туралы мәселе қаралды.

Қаралған мәселелер бойынша қажетті ұсыныстар берілген қаулы қабылданды.

Қабылданған қаулының орындалуына бақылау жасау аудандық мәслихаттың өнеркәсіп, құрылыс, көлік, байланыс, кәсіпкерлік, заңдылық және құқықтық мәселелері бойынша тұрақты комиссиясына жүктелді (К.С. Әпенов).

Аудандық мәслихат аппараты

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ АШЫЛДЫ



27 наурыз күні Бородулиха ауданында «Нұр Отан» партиясының қоғамдық штабында партияның атынан Президенттікке кандидат Н.Ә.Назарбаевтың қоғамдық қабылдау бөлмесі ашылды.

Қоғамдық штабтың жетекшісі «Е.Зәйтенов» шаруа қожалығының басшысы Е. Зәйтенов. Қоғамдық штабтың алғашқы отырысын аудандық «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары, қоғамдық штаб жетекшісінің орынбасары С.Урашева ашты. Ол өз сөзінде: «Қоғамдық қабылдау барша жұрт үшін ашық. Одан әркім өзін толғандырған мәселелерге, ұсыныстарға, талап-тілектерін айтып, толымды жауап ала алады. Елбасының берген тапсырмаларында өмірдің барша саласы қамтылған әрі жүзеге асыруға тиісті дүниелеріміз атап көрсетілген. Біздің Президенттікке үміткеріміз ақылман да, көрген саясаткер, бұндай тұлғалар мың жылда бір туады. Сондықтан қазақ елін жаңа жетістіктерге жеткізетін «Нұр Отан» партиясы Көшбасшысының сайлау алды компаниясын осы қоғамдық штаб жүргізеді», - деді. Сонымен бірге осы адал бәсекеде Елбасымыздың маңдайы жарқырап жеңіп шығатынына өзінің сенімді екенін баса айтты.

26 наурызда елімізде бердей ашылған 241 қоғамдық штабтар өз жұмысын бастаса, оның ішінде 21 қоғамдық қабылдау ШҚО болса ішінде ауданымыздың қоғамдық қабылдау өз жұмысына дайын екенін айтқым келеді.

Одан әрі Сәуле Тұрсынқызы сөз кезегін Бородулиха аудандық округінің ақсақалдар кеңесінің төрағасы, қоғамдық қабылдау штабының жетекшісі Р.Құрманбаевқа берді. Ол өз сөзінде қатысушыларды жұмыс кестесімен таныстыра келе, қоғамдық қабылдаудың қай жерде екенін хабардар етіп, аудандық газет журналистерін әріптестікке шақырды барлық жиналғандарды жұмыс барысымен жете таныстырды.

Өз сөзінде Р.Әзімханұлы сайлауға

барімізде ынта жігерімізді салып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еліміз бен әлемде ең беделді мемлекет қайраткері екендігін айтып, осы сайлауда жеңіп шығуына ат салысуымыз керек екенін айтты. Барлық жиналғандарға қандай да өзекті мәселелер болса бірлесе шешетіндігін жеткізді. Ары қарай сөз алған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы О.Байжанов Тәуелсіздік жалауын



желбіретіп еліміздің егемендігін нық ұстап тұру басты мақсатымыз екендігін ауданымыздың барлық зейнеткерлері мен ақылгөй қариялары мен ардагерлер атынан Президенттікке үміткер Н.Ә.Назарбаевты қолдайтындықтарын айтты. Одан кейін аудандық мәслихат депутаты Ү.Эфендиевке сөз кезегі беріліп штабтың жұмыстарында қандайда болсын өзекті сұрақтар туындауы мүмкін екенін, сол сұрақтарды қалай шешуге болатынын жиналғандармен бөлісіп, «Нұр Отан» партиясының атынан Президенттікке үміткер Н.Ә.Назарбаевты



қолдайтындығын айтты.

Қоғамдық қабылдаудың салтанатты ашылуына қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен барлығы 40 адам қатысты.

М. БАЛАБАЙҚЫЗЫ

Қоғам келбеті

«БАЛДЫРҒАН» ШАҒЫН ОРТАЛЫҒЫНАН БІР КӨРІНІС

«Ана – біздің күніміз» атты тақырыппен көгілдір көктемнің ең шуақты, ең шапағатты мерекесі – Аналар Күніне арналды. Екі топтың балалары көңілдері көтеріңкі, қуанып, ән айтып, би билеп, ойын ойнап әжелеріне, аналарына гүл сыйлап, бәрі

Төлеген Ерсұлтан, Маратқызы Еркенур, Қалымбек Айзере, Сарқыт Айхан, Балтабаева Рамина, Бейсембаева Даяна, Орумбасаров Диар, - әрқашан білмегенімізді түсіндіретін, ән-биді үйрететін, қамқор болудан аянбайтын тәрбиешілерімізді



тілек білдірді: Ана-өмір гүлі, Гүл-хош иісті, Үлбіреген нәзік, Ерекше сәнді, Ана да сондай, Ана жүрген жерде көрікті,көркем. Біз бәріміз: Қайроллаев Асылжан, Серікқызы Баян, Дулатов Нартай, Қабиоллаев Рахат, Турлубекова Зағипа,

Ш.Әлимованы, К.Қасымбаеваны, Н.Голенкованы, Ә.Қонаеваны, Р.Балтабаеваны, Г.Қамшыбаева құттықтаймыз.

Ата-аналар атынан «Балдырған» шағын орталығының тәрбиешілерін құттықтаған.

Ү. ТҰРЛҰБЕКОВА,
Переменовка а/о
Әйелдер кеңесінің
төрайымы

ТИМУРШЫЛАР – ӘРҚАШАН ҚАТАРДА!



Жалпы ұлттық «Наурыз мейрамы» мерекесі қарсаңында Бородулиха ауылдық округінің жастары қарт және жалғыз басты адамдарға жағымды сыйлық жасады.

Көктем мерзімінде оқушылар мен жұмысшылар санынан тұратын «тимуршылар» дәстүр бойынша ауылдың мұқтаж адамдарына аулаларын қардан тазалауға, су бұрғыш жүргізуге және басқа қажетті көмек көрсетуде.

Көктемнің «Наурыз мейрамы» мерекесін жақсы істерімен және қылықтарымен қарсы алу керек деп саналады.

Біздің жастардан тұратын «Тимуршылар» сенімді қасқа жолды таңдағандарына сенімді болулары мүмкін!

Балалар сендерге сәттілік тілейміз!

Бородулиха ауылдық округі әкімінің аппараты,
«Жас Отан» ЖҚ аудандық бөлімшесі

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті Бородулиха тұрғындары!

Бородулиха ауданының ішкі істер бөлімі Сіздерге аудан аумағында қылмыстың өскенін, яғни бөтен мүлік ұрлықтарының жиілеп кеткенін мәлімдейді. Ұрлықтың жасалуының бірден бір себептері өзінің жеке меншігін қараусыз, күзетсіз, өзінің аймағын қоршаусыз және жарықсыз, есіктерді құлыпқа жабусыз және т.б. қалдыратын мүлік иесінің немқұрайлы қарауы болып табылады.

Баяндалғанның негізінде, сіздерден өздеріңіздің мүліктеріңізге сақ болуларыңызды және мүлік ұрлығына жол бермеулеріңізді сұраймыз.

АШБ

«МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ» ПОЙЫЗЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ

«Менің Қазақстаным» пойызы» республикалық акциясы – ҚХА жылына арналған ірі ауқымдағы іс-шаралардың бірі.

Акцияға Қазақстан халқы Ассамблеясы, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, «Қоғамдық келісім» ҚР Президенті жанындағы Республикалық мемлекеттік мекемесі, Мәдениет және спорт министрлігі, Ғылым және білім министрлігі, Даму және инвестиция министрлігі, Әділет министрлігі, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ішкі істер министрлігі, ғылым және шығармашылық өкілдері, жастар ұйымдары мен БАҚ.

Акцияны өткізу серіктестері «Даму» ҚҚ, Ұлттық кәсіпкерлер палаты, «ҚазАгро» Холдинг» АҚ және өзге ұйымдар.

Акция барысында Н.Ә.Назарбаевтың этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің Қазақстандық үлгісін насихаттауға арналған кездесулер, семинар-тренингтер, мәдени бұқаралық іс шаралар, КТК ойындары, сондай-ақ қазақстандық өнер шеберлерінің концерті өткізіледі.

Аталмыш іс-шара кезінде ҚХА поезд бағытындағы қалалар мен елді мекендер кітапханаларын кітаптар топтамасымен қамтамасыз ететін – «Теңдессіз сыйлық» – «Бесценный дар» қайырымдылық акциясын өткізеді.

Өткізілетін мерекелік концерттерде халық назарына үздік дәстүрлі музыка мен танымал заманауи шығармалар ұсынылады. Мерекелік бағдарлама қатысушылары: Н.Нүсіпжанов, Е. Хасанғалиев, С. Тыныштығұлова, А.Қоразбаев, Р.Рымбаева, М.Жүнісова, Б.Сәмидинова, А.Нұрмағамбетова, С.Жұмағалиев, Д. Таңатаров, Е.Шүкіманов, Н.Жәңпейісов, Б.Күлімхан, С.Ибрагимов, М.Даулетбекова, Ф.Ескенеев, Т.Әшімбекова, Г. Оразымбетова, А.Кәрімов, «МүзАрт» тобы, «Гүлдер» т.б ансамблі, «Әлқисса» фольклорлық ансамблі және т.б.

Акция іс-шаралары бойынша ірі ауқымдағы спектр бойынша халыққа кеңес қызметтері көрсетіледі.

Кәсіпкерлер бизнес, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлікті қаржылай және қаржылай емес қолдау, Ұлттық кәсіпкерлер палатысы мен кәсіпкерлерді қолдау орталықтар қызметі, кәсіпкерлік саласы бойынша заңнаманы түсіндіру мәселелері бойынша ақпарат ала алады. Бұл іс-шараны «Даму» ҚҚ, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, «ҚазАгро»Холдинг» АҚ, банк қызметкерлері жүзеге асырады. Даму және инвестициялар, Әділет министрлігі техникалық инвентаризация, жылжымайтын мүлік бойынша құжаттарды тіркеу, атқарушы өндіріс, азамматтық актілерді тіркеу, заңды тұлғаларды тіркеу, адвокат және нотариат мәселелері бойынша кеңес береді. Елді мекен тұрғындары ірі ауқымдағы салалар бойынша (160 астам) көкейкесті сұрақтарға мамандандырылған жауап ала алады.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің мамандары, астаналық дәрігерлер мен ғалым-дәрігерлер сырқаттанған жандарды медициналық тексеруден өткізіп, жергілікті дәрігерлерге түрлі ауруларды емдеу бойынша кеңес беру қызметтерін көрсетеді.



2015 жыл жарқын мерейтойлық даталарға толы. Қазақстан үшін ең маңызды оқиғалардың бірі - Қазақ хандығының 550 жылдығы. Тарихта қалған 15 ғасырда қазақ елі өз мемлекетін құру және сақтау үшін қиын күресті бастады. Әбілқайыр хандығының отаршылық саясатынан қысылған ел тарихтағы басты шешімін қабылдайды. Бұл - Әбілқайыр хандығынан бөліну және ежелгі кезден қазақ руларының меншігінде жатқан Алтайдан Каспийге дейін, Ертістен Жетісуға дейінгі орасан зор аймақта жеке мемлекетті құру. Жәнібек пен Керей қазақ сұлтандары, батыл қадам жасап, артынан халықты ертті. Бұл өзгерісті кезең болды. Хан ханды алмастырды, Қазақ хандығы билік үшін мемлекетшілік күрес, ру-



лар арасындағы өзара тартыстары мен көнуден бас тартуы, көрші мемлекеттер жағынан жерге қол сұғушылығы, Жоңғар мен Ойрот қоңтайшыларының шапқыншылықтарына толған қиын кезеңнен өтті.

Ол оқиғалардан кейін бес жарым ғасыр өтсе де, уақыттың осындай үлкен кезеңі қазақ мемлекетінің тарихы туралы ұмытуға себеп болмайды. Қазақстанның заманауи халқы өз елінің тарихын құрметтеп білуі қажет. Андреевка ауылдық округі тұрғындарының көзқарастарын кеңейту мақсатында Михайличенково ауылдық кітапханасының оқу залында «Қазақ хандығына 550 жыл» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Кітаптарда оқырмандар Қазақстан хандығының қалыптасқаны, саясаты, халқының өмірі туралы қызықты ақпаратты таба алады. Мәдениетін дамытып, өз мемлекетінің тарихы туралы білімділігін арттыра алады.

Р.СЕРІКБАЕВА, ауылдық кітапханашы

ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!

Наурыз – жылдың басы, «Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін кезі». Жыл басы болғандықтан, ол біздің халықта ұлық мейрам болып тойланады.

Ұлыстың Ұлы күні мейрім, береке, ырыс, достық, сезім тудыратын ұлы мерекені ауылдық округінде Переменовка, Андроновка,

кенеле көк байрағымыз желбіреп өмірге бақыт шуағын шашып тұрсын! Шаңырақтарыңызға, еңбектеріңізге мол табыс тілеймін».

Мәдениет үйінде жиналған қауымды ең Ұлы мейрамы, адам баласы мен табиғат ана қайта жаңғырып түлейтін – Әз

Ұлыстың Ұлы күні баршамыз салт-дәстүрімізді жүрепкен сезініп жүргеніміз белгілі. Наурыз мерекесі ұлтты ұйыстырудың басты құралына айналғандай. Мереке ең алдымен ежелгі салт-дәстүрімізді дәріптеп, оны әрі қарай заман талабына сай дамытудың бір нышаны. Сол себепті «Мереке мен береке» атты көшелер арасында дастархан сайысы өтті.

Бірінші орынның иелері, марапатталған Первомайская көшесі, белсене ат салысқан әжелері мен қыз келіншектері: Мешенбаева Тансық, Айтқалиева Бағилә, Ахметова Маржан, Алғалиева Жанар.

Екінші орынның иелері, марапатталған Советская көшесі, ұйымдастырып әкелген Сыдыкова Маржан, Жасболатова

жан, Турлұбекова Аққу, Мәдина Мелдатқызы. Сайысқа жайылған дастархандарда:

Наурыз көже, қымыз, айран, қатық, құрт, ірімшік, сүзбе, уыз, жент, талқан, мүшелеп асылған ет, қазы-қарта, жал-жая, шұжық, сүрлеу, ашыған бауырсақ, ши бауырсақ, шелпек, өрік, мейіз.

Округтегі «Луговое» шаруа қожалығы Галиев Құмархан Әкімғазыұлы, «Анна» шаруа қожалығы Оганесян Волод Сагамонұлы, «Раушан» шаруа қожалығы Оразаев Талғат Айтқазыұлы ізгі ниет қолдауымен Мәдениет Үйі алаңында Әкімшілік дастарханы жайылды.

Нұрыз көже – Наурыз мейрамына арнап дайындалатын ерекше ұлттық ас. Жиналған халыққа Наурыз көжені өз тәсілімен баптап пісіріп әкелген, ерек-



татқызған әкімшіліктің бас маманы Жәнібек Қуанышбекұлы, Мәдениет үйінің меңгерушісі Насихат Дүйсетайқызы, кітіпханашы Аққу Тоқтасынқызы, Мәдениет үйінің жұмысшысы Насальская Татьяна, Шиллер Қуаныш, Абельдино Азамат, Саида Асылқызы, Алихан Арманұлы.

Мәдениет үйіне, ауылымыздың бірлігіне, ынтымағына ұйытқы болып келе жатқан ауылымыздың жолы, жасы, үлкендер, жастар, балалар – бәрі ерекше көңіл аударып Переменовка округінің кітапханашысы

Аққу Тоқтасынқызының Ұлыстың Ұлы күніне, Қазақстан Халқының Асамблеясына 20 жыл толуына, Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған көрмелер, ақпараттар дайындап келгендерге білуге деген талаптарын қолдап, қызығушылық тудырды.

Переменовка ауылдық округінің атынан Егеменді еліміздің мерейі үстем болып, Отанымызда әрдайым береке бірлік болсын. Наурыз күні нұрға толған көңіліміз марқая берсін.

Ү. ТҰРЛҰБЕКОВА,
Переменовка а/о Әйелдер кеңесінің төрайымы



Ремки, Орловка ауылдарының тұрғындары әрқашан асыға дегбірсіздене күтеді.

Мерекелік концертті бастаудың алдында жүргізушілері Слямгазиева Гүлнур мен Искакова Гауһар ауыл ақсақалы Оразғали Баимбетұлын сахнаға шақырып бата тіледі: «Қадірменді халайық! Наурыз құтты болсын! Ұлыс оң болып, егеменді еліміздің мерейі үстем болып, Отанымызда әрдайым береке бірлік болсын! Аумин».

Алдағы күндерге арналып ізгі ой, арман-мақсат айтылып ауыл округінің әкімі Арман Жабайханұлы құттықтау айтты: «Ұлыстың Ұлы күні елімізге, жерімізге бақыт, береке әкеліп, осындай қызық пен қуанышқа

Наурызбен, шын жүрегімен құттықтап, би билеп, домбыра тартып, ән салған Алтынай, Ерзат, Ақтоты, Тоғжан, Фариза, Оля, Наташа, Адина, Әсем, Али, Ернұр, Мадияр, Әлия, Тлеухан. Мерекелік концертті жалғастырған қазақша күрес, зіл тасын көтеру спортшылар сайысы басталды, бәйге, көкпар тартуымен жалғасын тапты.

Наурыз айының басында 50 жасқа толып, мерей тойын тойлаған, ауылымыздың беделді азаматы, жанашыры, жастарды тәртіпке шақырып, үлгі бола білген Қоныров Қайратбек Есімханұлы әрқашан спорт сайыстарын жоғары деңгейде ұйымдастырып, сайыскерлерді әділ бағалап өткізе біледі.



Маржан, Алимбаева Гүлнәр, Изгутдинова Насихат. Үшінші орынның иелері, марапатталған Рабочая көшесінен Жакенова Күлімхан, Қажигаева Анар, Құдабаева Ай-

ше талғамы бар Қасымбаева Күлән Қажтайқызы, «Балдырған» шағын орталығының тәрбиешісі. Наурыз дастарханын жасап, өте дәмді палау пісіріп, жан-жақты келген қонақтарға дәм

ХАЛЫҚ АУА-РАЙЫН ҚАЛАЙ БОЛЖАҒАН?

Сейіт Кенжеахметұлының «Жеті қазына» кітабынан

Жылан мезгілінде ұйықтамаса – күз ұзақ әрі жылы болады. Ордалы жылан, құрт-құмырсқа топ-тобымен басқа жаққа көше бастаса көп ұзамай жер сілкінеді, болмаса басқа бір табиғаттың тосын апаты болады. Ит ұлыса ? жаманшылық немесе табиғат апатының белгісі. Аяқ-қолы сынған адамдардың сүйегі сырқыраса ауа райы өзгереді. Жазда құйын көп болса, қыс аязды болады. Егер қараша айында күн күркіресе, қыс қысқа болады. Жаз найзағайлы болса, қыс жайлы болады. Көктемде күн көп күркіресе, егін, шөп мол болып шығады. Егер қой тұяғымен төсін қаситын болса, қыс боранды болады. Қой тісін қайраса боран немесе дауыл болады. Батар күн қызыл шапаққа малынса, келер күн жазда ыстық, қыста жұмсақ болады. Қыста күн құлақтанып шықса суық болады, құлақтанып батса суық сынады. Егер бұлт ортасынан ыдыраса, ауа райы бұзылады, егер шетінен ыдыраса күн жылынады деген сөз. Оңтүстіктен ұзақ соққан жел өзгеріп шығыстан соқса, ауа райы жақсарады да, батыстан соқса, ауа райы қатты бұзылады. Жаз айында аңызақ ыстық болса, ол қыста қатты аяз болатындығының анық белгісі. Қызара батқан күн ? желдің, ашық сары болып батқан күн ? жаңбырдың белгісі. Күн шыжып, тымырсық болса, артынша найзағайды күте бер. Ай қызыл түспен қораланып, әлгі шеңбер кеңейіп жоғалса, келесі күні ашық болады. Осындай екі шеңбер, немесе күңгірт бір шеңбер қатты суыққа көрінеді. Егер ай бұлыңғыр болса ? жаңбырға қарсы, ал ашық түсті ай ? ауа райының ашық болатындығын білдіреді. Аққу солтүстіктен оңтүстікке қарай кеш қайтса күз әрі ұзақ, әрі жайлы болмақ.

– Мысық босағаны немесе ағаш тіреуді тырналап мазаланса, ауа-райы қатты бұзылады, жел тұрады немесе боран болады. Мұндайда үй иелері «боран шақырып тұр» деп мысықты зәбірлеп, ұрысып жатады. Бұл дұрыс емес, ол боран шақырып тұрған жоқ, күн райының бұзылатынын хабарлап тұрғаны. Мысық керіліп ұйқыға берілсе, ұзақ уақыт бойы ауа райы қолайлы болады. Тауық биікте қонақтаса, жаңбыр болады. Қыста тауық ерте қонақтаса, күн суытады. Тауық жерге аунап, қанатын қағып тазалана бастаса, жаңбыр жауады. Жаңбыр сіркіреп тұрғанда тауықтар далада жем іздеп жүрсе, онда ақ жаңбыр болады, яғни жаңбыр ұзаққа созылады. Әтеш қыстығүні бір аяғын көтеріп тұрса, аяз болады. Жаңбырлы күндері әтеш таң ата шақырса, күн ашылады деген сөз. Үйрек бір аяғымен тұрып, басын қанатының астына тықса, аяз болады. Аязды күні қанатын желінсе, аяз сынады. Қыста қаздар қаңқылдаса, жылы болады, аяқтарын бауырына тығып жатып алса, күн суытады немесе боран болады. Қаз бен үйректер суға шомылып, қиқулап, қанаттарын қомдап мазасыздана бастаса, ауа райы бұзылады. Қызылқаз (қоқиқаз) былтырғы ұясын жөндемей жұмыртқаласа, жазда құрғақшылық болады. Егер ескі ұяны жөндеп, биіктететін болса, жаз жаңбырлы болады. Құстар ертемен жем іздеуге асықса, күн жауын-шашынды болады. Далада көкектің «көк-ек» деген дауысын жиі естісеңіз, алдағы күндер ашық болады.

«Аудан тынысы» - «Пұльс района» ЖШС басқарушы органы «ШҚО ішкі саясат басқармасы» ММ болып табылады	Директор-бас редактор Екатерина БОЙЧЕНКО	Газет аптасына 2 рет шығады. Жарияланған материалдардағы деректердің дәлдігі үшін автор жауап береді. Басылған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін. Хаттар мен қолжазбалар қайтарылмайды. Жарнама мен хабарламаның дәлдігі үшін редакция жауап бермейді.	
Газет ҚР мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, аудандық «Аудан тынысы» - «Пұльс района» газеттерінің тіркеу туралы N 12375-Г куәлігі (05.03.2012) берілген	Директор-бас редактордың орынбасары, Мейрамгүл АТАЕВА E-mail: borodulihapuls@mail.ru	Редакцияның мекен-жайы: 070400, ШҚО Бородулиха ауылы, Тәуелсіздік к. N 69 Тел/факс 8(72351) 2 16 60 ТАП: 5802 Таралымы 4010 оның ішінде «Аудан тынысы»880	Газет “Шығыс-Ақпарат” ЖШС - нің баспаханасында басылады. Өскемен к., Космическая 6/3 Көлемі 2 баспа табак